

Жеке санаттағы азаматтарға қала ішінде қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жүру жолақысына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2006 жылғы 01 ақпандағы N 30/276 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласы Әділет басқармасында 2006 жылғы 07 наурызда N 8-4-26 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010 жылғы 24 ақпандағы N 28/217 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010.02.24 N 28/217 шешімімен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Зейнетақылары және әлеуметтік жәрдемақылары 15362 теңге деңгейінен аспайтын жеке санаттағы азаматтарға қала ішінде қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жүру жолақысына әлеуметтік көмек көрсетілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.02.21 N 40/390 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2008.03.12 N 7/61 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2008.06.30 N 10/93 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.05.27 N 21/160 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) ш е ш і м д е р і м е н .

2. Әлеуметтік көмек мөлшері айына 900 теңге көлемінде белгіленсін. Төлемдер осы көмекке құқығы бар сәттен бастап төленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.02.21 N 40/390 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2008.03.12 N 7/61 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) ш е ш і м д е р і м е н .

3. Көлікте жүруге әлеуметтік көмек келесі азаматтарға тағайындалатындығы және төленетіндігі анықталсын:
зейнеткерлерге;
жұмыссыз 3 топ мүгедектеріне;
16 жасқа дейінгі мүгедек баларға;
зейнеткерлік жастағы асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы алушыларға .

жұмыс істемейтін мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушыларға (N 1, N 2

тізімдері

бойынша)

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2009.05.27 N 21/160 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.

4. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Асылбекова С.С) жеке санаттағы азаматтарға қала ішінде қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жүру жолақысына әлеуметтік көмек көрсетуді тағайындауды және төлеуді келесі құжаттар негізінде мезгілінде қамтамасыз етсін:

- 1) көмекті алушының банктік қызметтерді жүзеге асыруға сәйкес лицензиясы бар мекемелерде жеке шоты көрсетілген өтініш;
- 2) алушының жеке басын куәландыратын құжаттары;
- 3) азаматтарды тіркеу кітапшасы;
- 4) еңбек кітапшасы немесе жеке еңбек келісім шарты (зейнеткерлерден басқа);

- 5) зейнетақы немесе жәрдемақы алушының куәлігі;
- 6) белгіленген нысандағы мүгедектігі туралы анықтама
- 7) жеке кәсіпкер ретінде тіркеу фактісінің жоқтығы туралы салық комитетінің анықтамасы

Ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін өтініш берушілер жауапты. Дұрыс емес мәліметтерді ұсыну салдарынан заңсыз жәрдемақы төленген жағдайда, төленген сома алушылардан өз еріктері немесе сот арқылы өндіріледі

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.02.21 N 40/390 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2008.03.12 N 7/61 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.05.27 N 21/160 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

5. Қаржы бөлімі (Адамова К.Қ.) "Жергілікті өкілетті органдардың шешімімен жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек" 007 бағдарламасы бойынша көрсетілген қаражаттар есебінен әлеуметтік көмекті мезгілінде қаржыландырсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет, адам құқығын қорғау, әлеуметтік сала бойынша тұрақты комиссиясына (Баймағанбетов Е.К) жүктелсін.

Сессия төрағасы

А. Омаров

Қалалық мәслихат хатшысы

Л. Коробейникова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қала әкімі

Токушев Қ.А.

20 қаңтар 2006 жыл

*Э к о н о м и к а ж ә н е
б ю д ж е т т і ж о с п а р л а у
Шлыкова З.С.*

бөлімінің бастығы
20 қаңтар 2006 жыл

Қаржы бөлімінің меңгерушісі *Адамова К.Қ.*
20 қаңтар 2006 жыл

*Ж ұ м ы с п е н қ а м т у ж ә н е
ә л е у м е т т і к б а ғ д а р л а м а л а р
бөлімінің бастығы* *Асылбекова С.С.*
20 қаңтар 2006 жыл